


Издается с 20 декабря 1999 года

# Саран газеті

ЕЖЕНЕДЕЛЬНАЯ ГОРОДСКАЯ ГАЗЕТА

28 марта  
2025 года  
ПЯТНИЦА  
№ 25-26 (1729-1730)



Научиться рисовать  
и получить позитивные  
эмоции

СТР. 3

Саран қалалық мәслихаты депутаттарының  
және қала тұрғындарының назарына  
2025 жылғы 27 наурыз  
Саран қалалық мәслихаты төрағасының өкімі  
Саран қ. № 16-0 2025 жылғы 27 наурыз

Қалалық мәслихаттың кезектен тыс XXIV сессиясын шақыру туралы  
Саран қалалық мәслихатының кезектен тыс XXIV сессиясы 2025 жылғы 2  
сәуір сағат 10.00-де шақырылсын.

#### ХАБАРЛАМА

Қалалық мәслихаттың 2025 жылғы 2 сәуірдегі кезектен тыс XXIV сессиясының қарауына мәселе шығарылады:

1. Саран қалалық мәслихатының 2024 жылғы 20 желтоқсандағы 20 сессиясының «2025-2027 жылдарға арналған қалалық бюджет туралы» №171 шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

2. Саран қалалық мәслихатының 2024 жылғы 20 желтоқсандағы 20 сессиясының «2025-2027 жылдарға арналған Ақтас кентінің бюджеті туралы» №172 шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

Сессияны дайындауға жауапты: Заря Блялевна Малшибекова, жұмыс тел.: 8(72137) 73908, электрондық пошта мекенжайы: saganmaslihat@mail.ru.

**Ө. Баймағанбетов,**

**Саран қалалық мәслихатының төрағасы**

К сведению депутатов Саранского городского маслихата  
и населения города

27 марта 2025 года  
Распоряжение Председателя Саранского городского маслихата  
г. Сарань № 16-0 27 марта 2025 года

О созыве XXIV внеочередной сессии городского маслихата  
Созвать внеочередную XXIV сессию Саранского городского маслихата  
2 апреля 2025 года в 10.00 часов.

#### СООБЩЕНИЕ

На рассмотрение внеочередной XXIV сессии городского маслихата 2 апреля 2025 года вносятся следующие вопросы:

1. О внесении изменений в решение 20 сессии Саранского городского маслихата от 20 декабря 2024 года № 171 «О городском бюджете на 2025-2027 годы».

2. О внесении изменений в решение 20 сессии Саранского городского маслихата от 20 декабря 2024 года № 172 «О бюджет поселка Актас на 2025-2027 годы».

Ответственный за подготовку сессии: Малшибекова Заря Блялевна, раб. тел.: 8(72137) 73908, адрес электронной почты saganmaslihat@mail.ru.


**О. Баймағанбетов,**  
**председатель Саранского городского маслихата**

#### СПОРТ

## «NAURYZ RUN» ЖАРТЫЛАЙ МАРАФОНЫНА 300 АДАМ ҚАТЫСТЫ



*Саранда 22 наурыз – Ұлыстың ұлы күнінде «NAURYZ RUN» жартылай марафоны өтті. Биыл да дәстүрлі спорттық шарада ересектермен қатар жастардың қарасы қалың.*



#### Дина ӘБДІҒАЛИЕВА

Саран қаласының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің ұйымдастыруымен өткен спорттық шараны отбасымен келген, жыл сайын қатысып, бағын сынап жүрген қала қонақтары, спорт сүйер қауым мерекелік көңіл-күймен жарқын ете түсті.

- Наурыз мейрамына арналған

«NAURYZ RUN» жартылай марафоны үш дистанциядан болады. Қатысушылар 7, 14 және 21 км жүгіреді. Жыл сайын қатысушылар саны көбеюде. Биыл жарысқа 300 адам тіркелді. Қарағанды, Шахтинск, Астана қалаларынан және өзіміздің Саран қаласынан адамдар келуде,- деп атап өтті Саран қаласының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің бас маманы Мұхаммедрахым Арнешов.

**ЖАЛҒАСЫ 4-БЕТТЕ**

#### БІЛІМ

## АРДАҚТЫ ЖЕРЛЕСІМІЗГЕ АРНАЛДЫ

*Абай атындағы жалпы білім беретін мектеп спорт залының екінші қабатында өрт сөндіру кезінде қаза тапқан №24 өрт сөндіру бөлімінің аға өрт сөндірушісі Хали Хайратқа арналған «Ерлік-ақылмен, қайратпен және жүрекпен келеді» атты зал ашылды.*

#### Дина ӘБДІҒАЛИЕВА

Залдың ашылу рәсімінде ҚР Төтенше жағдайлар министрлігі Қарағанды облысы Төтенше жағдайлар департаментінің басшысының бірінші орынбасары, азаматтық қорғау полковнигі Еркін Отарғалымұлы және Хали Хайраттың әкесі Охас Хали қызыл лентаны кесті. Шарада сөз алған қала әкімінің орынбасары Сағынбек Бейскеев пен ҚР Төтенше жағдайлар министрлігі Қарағанды облысы Төтенше жағдайлар департаментінің басшысының бірінші орынбасары, азаматтық қорғау полковнигі Еркін Отарғалымұлы Хали Хайраттың ерлігі көпке үлгі екендігін айта отырып, оның батырлығы мәңгі есте болатынын жеткізді.

- Бұл, шынымен, тарихи сәт. Себебі қазақта: «Ер есімі – ел есінде» деген

ұлағатты сөз бар. «Бейбіт заманның батыры» деп атанған өрт сөндіруші мандығын таңдап, өмірінің соңына дейін атына адал болып, еліне, жеріне қызмет атқарып, өзінің қызметкер ретінде ұстанымымен, өзінің өмірлік принциптерімен осы қызметті абыроймен атқарды, - деді Еркін Отарғалымұлы.

Сондай-ақ, шараға қалалық білім бөлімінің басшысы Арман Бақтыбаев, Саран қаласының төтенше жағдайлар бөлімінің бастығы Сергей Анищенко, мектеп ардагерлері: Оралхан Бартаева, Серік Мустафин және Хали Хайраттың ата-анасы, бауырлары, сыныптастары, жора-жолдастары қатысты.

- 2014 жылдан бастап Саран қаласының өрт сөндіру бөлімінде жұмыс жасады. Сол өрт сөндіру бөлімінде, атынан да біраз футболдан, теннистен, шаңғыдан барлық жарыстарға қатысып, өз өнерін көрсетіп, әрдайым бірін-



ші, екінші орын алып жүрді. Хайрат өзі қарапайым, кішіпейіл, үлкен-кіші деп ешкімді таңдамай, барлығымен сыйластығы мол, әрқашан кім болса да, танымайтын адам болса да қол ұшын беріп,

көмектесуге тырысатын бала болды, - деп атап өтті Хали Хайраттың туған ағасы Талғат Қалиұлы.

**ЖАЛҒАСЫ 3-БЕТТЕ**

В ГОРОДСКОМ МАСЛИХАТЕ

## Все вопросы на контроле

Двадцатого марта состоялось совместное заседание постоянных комиссий Саранского городского маслихата.



Надежда ЦХАЙ

В рамках комиссии были рассмотрены отчеты о работе Местной полицейской службы за прошлый год и деятельности КГП на ПХВ «Саранькоммунсервис» за 2024 год и задачах на этот год.

По первому вопросу выступил начальник Местной полицейской службы Отдела полиции нашего города Ш. Козжанов, который подробно остановился на обеспечении общественного порядка. В частности, депутатам была предложена статистика преступлений за прошлый год, причины, а также мероприятия, проводимые в рамках профилактики различных правонарушений. Подчеркивалось, что большая часть преступлений осуществляется в состоянии алкогольного опьянения. В связи с чем депутаты предложили выступить с инициативой открытия в нашем городе медицинского вытрезвителя.

По второму вопросу информацию представил руководитель КГП на ПХВ «Саранькоммунсервис» А. Федоров.

Данное предприятие является мо-

нополистом в нашем городе и осуществляет услуги по подаче воды населению. В этом году планируется завершить работы по реконструкции 3 очереди водопроводных сетей. На сегодняшний день проложено 48,8 км водопроводной трубы.

В обязательном порядке проводятся работы по промывке и дезинфекции системы водоснабжения города. В связи с развитием индустриальной зоны увеличилась добыча воды в Сарани. Кроме этого, постепенно приобретает нужная техника. Есть на предприятии и проблемные вопросы. В первую очередь необходима модернизация водоподъема, имеются проблемные участки чугунных водопроводов на сетях водоснабжения. Также необходима модернизация канализационной системы – на сегодняшний день ее износ составляет 92%. Еще один важный момент – это приобретение новой техники, необходимость строительства новой базы с теплым гаражом. Актуальный момент – это наличие долгов по водоснабжению у физических и юридических лиц.

Все вопросы вынесены на рассмотрение предстоящей сессии городского маслихата.

ЗАНЯТОСТЬ

## Хорошая возможность получить работу

В Доме культуры нашего города прошла третья в этом году ярмарка вакансий.



Надежда ЦХАЙ

Ярмарка вакансий – это всегда масштабное мероприятие, в котором принимают участие не только жители нашего города, но и прилегающих поселков. Ведь это хорошая возможность получить работу, трудоустроиться по специальности, а для потенциальных студентов – узнать полезную информацию о высших учебных заведениях, колледжах, востребованных профессиях.

В этот раз ярмарку посетило около 500 жителей и гостей нашего города, в том числе около 300 человек из числа молодежи до 35 лет, которые смогли ознакомиться с актуальными вакансиями, получить направления на трудоустройство, а также информацию о таких государственных программах, как: Молодежная практика, Первое рабочее место, Общественные работы, Социальные рабочие места, Контракт поколений, Серебряный возраст. Кроме этого, желающие реализовать свой бизнес – проект смогли узнать о выдаче грантов на открытие собственного дела, соискатели – об оформлении адресной социальной помощи, и подать резюме представителям

завода по производству бытовой техники ARTEL «Silk Road Electronics», завода по производству стальных прямошовных труб ТОО «ТЕМПО Казахстан».

В ярмарке приняли участие работодатели города: ТОО «СКЭП», ТОО «Sunpaper», ТОО «ЛЕКА», ТОО «Galex Plus», ТОО «A.V.Group» КГУ «Центр оказания специальных социальных услуг г. Сарани», ТОО «Карал Пласт», ТОО «ККК Бетон», АО «Казпочта», ТОО «Astyk Alem», КГП на ПХВ «Саранькоммунсервис», ТОО «KAZCENTRELEKTROPROVOD» др.

В ходе ярмарки вакансий изъявили желание трудоустроиться на проект Серебряный возраст 3 человека, 1 человек на Первое рабочее место, 1 человек на Социальное рабочее место, на постоянное место работы 4 человека. Получили направления на трудоустройство 28 человек.

В рамках оказания социально-правовой помощи служба пробации города Сарани обеспечила участие в ярмарке лиц, состоящих на учете, которые также получили консультации по вопросам трудоустройства и ознакомились с имеющимися вакансиями.

Подобные ярмарки проходят в нашем городе всегда успешно. Горожане активно их посещают, знакомятся с предприятиями, узнают о полезных вакансиях.

ДІН ЖӘНЕ ҚОҒАМ

## ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫ:

## БІРЛІК, ЖАСАМПАЗДЫҚ, ПРОГРЕСС ЖОЛЫНДА 30 ЖЫЛ

2025 жылы Қазақстан өз тарихындағы маңызды кезеңді – елдегі этносаралық келісім мен үйлесімділікті нығайтуда шешуші рөл атқарған және жалғастырып келе жатқан Қазақстан халқы Ассамблеясының (ҚХА) 30 жылдығын атап өтуде. 1995 жылы негізі қаланған ҚХА көпұлтты Қазақстанда бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтауға, сондай-ақ әртүрлілік пен бірлікті бағалайтын қоғамның жаңа, инклюзивті моделін қалыптастыруға бағытталған бірегей институтқа айналды.

1990 жылдардың басында Қазақстанда тәуелсіздіктің қалыптасуы тек экономикалық қиындықтармен ғана емес, сонымен қатар әртүрлі этникалық қауымдастықтар арасында жаңа қатынастар құру қажеттілігімен қатар жүретін күрделі ауысу кезеңін бастан өткерді.

ҚХА-ның негізгі міндеті ұлттық бірлікті нығайтуға жәрдемдесу, өзара сыйластық пен толеранттылық идеясын ілгерілету, сондай-ақ этносаралық қақтығыстардың алдын алу болды. Ең маңызды мақсат әрбір азамат этникалық тегіне қарамастан, өзін үлкен және алуан түрлі қоғамның бір бөлігі ретінде сезінетін біртұтас қа-

зақстандық ұлтты құру болды.

30 жыл бойы Қазақстан халқы Ассамблеясы елдің саяси жүйесіндегі маңызды құралға айналды. Оның қызметі әртүрлі этникалық топтар арасындағы байланысты нығайту арқылы тұрақтылықты сақтауға және азаматтық қоғамды дамытуға бағытталған. Ассамблея әлеуметтік және мәдени саланы дамытуға бағытталған мемлекеттік бағдарламаларды әзірлеуге және іске асыруға белсенді қатысты.

ҚХА әлемдік тәжірибеде теңдесі жоқ бірегей модель болып табылады.

Қазақстан халқы Ассамблеясының ерекшеліктерінің бірі-оның ел аумағында тұратын түрлі этникалық топтардың мәдени мұрасын сақтау және дамыту жөніндегі жұмысы болып табылады. Қазақстанда 130-дан астам этнос бар, олардың әрқайсысының өзіндік мәдениеті, тілі, дәстүрі бар. Ассамблея халықтық әдет-ғұрыптар мен дәстүрлерді сақтауға және насихаттауға бағытталған іс-шаралар өткізу арқылы мәдени әртүрлілікті белсенді қолдайды.

Жыл сайын ел өміріне белсенді қатысатын, фестивальдер, көрмелер, концерттер және басқа да мәдени

іс-шаралар ұйымдастыратын мәдени орталықтардың, ұлттық бірлестіктер мен шығармашылық ұжымдардың саны артып келеді. Бұл халықтар арасындағы толеранттылық пен өзара түсіністікті дамытуға, сондай-ақ азаматтық бірлік рухын нығайтуға ықпал етеді.

Ассамблея құрылғаннан бері 30 жыл өтті және осы жылдар ішінде еліміз экономикалық, әлеуметтік және мәдени даму саласында айтарлықтай жетістіктерге жетті. Алайда, ҚХА алдында тұрған маңызды міндет инклюзивтілік, теңдік және өзара сыйластық қағидаттарына сүйене отырып, Қазақстанның одан әрі ілгерілеуі мен орнықты дамуына жәрдемдесу болып қала береді.

Бүгінде ҚХА азаматтық қатысуды кеңейту, өмір сүру сапасын жақсарту, сондай-ақ жастардың дамуына жағдай жасау бойынша жұмысты жалғастыруда. Ассамблея әртүрлі этникалық топтарды толғандыратын идеялармен алмасу және проблемаларды шешу, сондай-ақ ел дамуының стратегиялық бағыттарын талқылау үшін платформаға айналғаны маңызды. Болашақта Қазақстан тұрақтылық пен өркендеу жолымен қозғалуды жалғастыра-

тын болады және Қазақстан халқы Ассамблеясы бұл үдерісте маңызды элемент болып қала беретін болады. Жаһандану және әлемдегі өзгерістер жағдайында бейбітшілік пен бірлікті қолдайтын институттарға деген қажеттілік ерекше өзекті болып отыр.

Қазақстан халқы Ассамблеясы-бұл жай ғана ұйым емес, көпұлтты мемлекеттің бірлігі мен өркендеуінің символы. 30 жыл ішінде ҚХА этникалық топтардың бейбіт қатар өмір сүруін қолдаудың және этносаралық диалогтың тиімді моделін құрудың негізгі элементіне айнала отырып, қазақстандық қоғамның дамуына баға жетпес үлес қосты. Ассамблея жүріп өткен жол – бұл жасампаздық, прогресс және бірлік жолы, әрі қарай ол Қазақстанның көпұлтты, орнықты және серпінді дамып келе жатқан мемлекет ретіндегі болашақ табыстары үшін негізгі қызметін жалғастыратын болады.

**А. Аскеева,**  
«Саран қаласының ішкі саясат бөлімі»  
ММ ақпараттық-насихаттау жұмысы бойынша сектор меңгерушісі, ақпараттық топ мүшесі

БІЛІМ

# АРДАҚТЫ ЖЕРЛЕСІМІЗГЕ АРНАЛДЫ

(Басы 1-бетте)

Мектеп спорт залының екінші қабатында мектеп түлегіне арналған «Отбасындағы қайтып келмес сәттер», «Отқа оранған қаһарман Хайрат», «Мектеп қабырғасында қалған іздер...», «Жеңіс тұғырынан түспеген Хайрат» атты стендтер ілінді. Спорттық шараларда ие болған жүлделері, қызмет бабында берілген грамоталары мен медальдері, кубоктары қойылды.

Абай атындағы жалпы білім беретін мектептің директоры Гүлден Серикова ержүректі ұлды тәрбиелеген Хали Хайраттың әкесіне

шапан жауып, анасына да сый-сияпатын табыстады. Қонақтардың арасынан сөз алған мектеп ардагерлері: Оралхан Бартаева авторлық өлеңін оқып берсе, Серік Мұстафин тәрбиелік бағытта үлкен мәнге ие шараның маңыздылығына тоқталды.

Одан бөлек, залдың ашылуына орай Хали Хайраттың бірге оқыған сыныптастары жасөспірімдер мен жеткіншектер арасында қазақ күресінен және үстел теннисінен жарыс ұйымдастырды. Спорттық шара барысында төтенше жағдайлар бөлімінің қызметкерлері мек-

тепке спорттық жабдықтарды сыйға тарту етті.

Еске сала кетейік, Хали Хайрат – 2014 жылдан өмірінің соңына дейін «ҚР ТЖМ Қарағанды облысы Төтенше жағдайлар департаменті» ММ-нің №24 өрт сөндіру бөлімінің қызметкері болып қызмет атқарды. 2024 жылдың 6 қазанында Қарағанды облысында Қарқаралы ауданындағы дала өртін сөндіру барысында өз қызметтік міндетін атқару кезінде қаза тапты. Кейін ҚР Президентінің Жарлығымен «Ерлігі үшін» медалімен марапатталды.



ЖИЗНЬ ГОРОДА

## Социальная адаптация и психологическая поддержка



**Накануне Наурыза, в самые теплые и солнечные дни весны приветливо распахнул свои двери Центр социальной адаптации для лиц с инвалидностью «TEN QOGAM».**

Надежда ЦХАЙ

Для нашего города это очень хороший проект, тем более, что центры различной помощи для старшего поколения, молодежи, людей с ограниченными возможностями пользуются большой популярностью. Там оказывают необходимую помощь, а главное – это хорошая возможность пообщаться, поделиться своими трудностями или наоборот – позитивным опытом, найти друзей, единомышленников.

Уверена, что и открывшийся центр обязательно найдет свою аудиторию. Тем более что специалисты данного центра будут оказывать самые различные услуги, причем на абсолютно безвозмездной основе.

Как отметила в интервью консультант – методист Ольга Пархомей, главная цель проекта – предоставление информационно – консультационных услуг и ресурсной юридической, психологической поддержки для лиц с ограниченными возможностями. Поэтому в ходе работы будут организовываться различные мероприятия – семинары, консультации по решению вопросов обучения, занятости, участия в общественной жизни и т.д. Кроме этого, будут затрагиваться вопросы повыше-

ния уровня знаний по получению государственных услуг, использования интернет – ресурсов и т.д.

И наконец – для кого же будет работать этот центр? В первую очередь для лиц с инвалидностью старше 18 лет, семей воспитывающих детей с инвалидностью до 18 лет, а также семей, осуществляющих уход за лицами с ограниченными возможностями.

Успешной деятельности, реализации важных проектов пожелали в ходе открытия председатель городского филиала партии «AMANAT» Н. Тажибаева и председатель Общественного совета Сарани С. Тлекбаев. Также они отметили нужность столь хорошего начинания, поскольку в том числе и здесь люди с ограниченными возможностями смогут найти поддержку в различных вопросах. Кроме этого, в рамках проекта здесь будет открыта школа компьютерной грамотности.

Сам центр для удобства посетителей расположен на первом этаже и занимает удобные кабинеты. Здесь уютная обстановка, располагающая к беседе.

Поэтому добро пожаловать в Центр социальной адаптации «TEN QOGAM», который находится по адресу: улица Победы, 34. Телефон для справок: 8 778 207 89 88. Сотрудники центра ждут вас!

ЛЮДИ САРАНИ

## Научиться рисовать и получить позитивные эмоции

**Необычная изостудия работает в нашем Доме культуры с этого года. Это центр развития мелкой моторики и творческого мышления Tsoy studio. Самому центру в этом году уже 10 лет. Это небольшой по историческим меркам срок, но для такой изостудии – это целая жизнь. Ведь за это время десятки детей нашего города и города Караганды получили важные навыки по рисованию, в том числе и в необычных техниках. В Сарани Tsoy studio работает уже более 5 лет на базе КШЯС «Бахыт».**



Надежда ЦХАЙ

Руководителем изостудии, ее идейным вдохновителем и инициатором всех необычных проектов является Ольга Цой – саранская художница, талантливая девушка, которую хорошо знают в нашем городе.

«Все началось с видеопоздравлений, нарисованных песком, - рассказывает Ольга Цой. – И ровно 10 лет назад я решила попробовать себя как индивидуальный предприниматель, и начала выполнять заказы по изготовлению видеороликов. Моя идея пришлась жителям нашего города по душе. А спустя полтора года я решила, что не хочу останавливаться на достигнутом, ведь я всегда стремилась к развитию. По образованию я учитель ИЗО и черчения. Мне всегда хотелось дарить людям красоту, радовать их положительными эмоциями. Поэтому я решила открыть собственную изостудию, чтобы с юными жителями нашего города делиться своими знаниями, навыками и творчеством».

«Сначала, - продолжает свой рассказ Ольга Цой, - это были уроки по рисованию песком. Также я учила ребят работать с акварельными красками. Наши ученики росли, и вместе с ними совершенствовалась программа. Главной целью программы стало развитие творческого мышления у детей. Нам важно научить их воплощать свою идею и мысль на холсте».

Ольга Цой – это активный участник различных социальных проектов. «Так, например, - говорит Ольга Анатольевна, - на базе нашей студии реализовывались социальные проекты

в рамках «Zhas project». Такие как «Национальная культура в современном творчестве» и «Картинка одной команды». Участники проектов занимались с детьми - представителями незащищенных слоев населения, лепили из пластилина и снимали мультфильмы, рисовали, делали вышивку и принты на футболках. Хорошая для нас новость - некоторые участники остались работать преподавателями в нашей студии. Сейчас в рамках нашей студии действуют два кабинета – в Доме культуры Майкудука и в Доме культуры нашего города. «На сегодняшний день у нас уже было 4 выпуска учеников. Двое из них уже работают преподавателями у младших групп. Есть группы от 4 до 6 лет, от 7 до 9 и в 9 лет мы уже принимаем в группу на обучение по программе, в которой есть три дисциплины: графический рисунок, живопись и рисование песком. У нас бывают задания на выполнение одного и того же рисунка во всех трех техниках для развития памяти и умения работать с разным материалом. На наших уроках мы проводим разные творческие игры, разговариваем и размышляем, даем возможность ученикам реализовать свои творческие идеи. Ведь эти навыки работы в команде и неординарный подход к каждой задаче будут важны и полезны в будущем. Мы очень верим, что в нашей изостудии мы дарим вдохновение и уверенность в себе нашим ученикам».

Изостудия Ольги Цой – это не только интересный, но и полезный проект. Поэтому все, кто желает научиться рисовать, изучить необычные техники, и получить позитивные эмоции – добро пожаловать! Приходите, гостеприимная изостудия вас ждет!

СПОРТ

# «NAURYZ RUN» ЖАРТЫЛАЙ МАРАФОНЫНА 300 АДАМ ҚАТЫСТЫ



## (Басы 1-бетте)

Ең бірінші болып 13 жасқа дейінгі балаларға арналған «NAURYZ BALA» жарысы өткізілді. Онда 100-ден аса бала 500 метрді бағындырған. Балаларын қолдап ата-аналары да бірге жүгіріп, әдемі үйлесімге толы сәттің куәсі болды.

Автобус шығаратын «QazTehna» зауыты болса, арнайы мерекеге орай киіз үй тігіп, барлық келушілерге ақ дастарқан жайды. Наурыз көжеден бастап бауырсақ, ұлттық тағамдар ұсынылды.

Біздің қызметкерлер қаланың спорттық өміріне белсене қатысады. Бүгінгі жартылай марафонға 24 адам жүгіреді. Көбі 7 километрге және 4 адам 14 километрді бағындыратын болады. Біз салауатты өмір салтын ұстанамыз!, - деді «QazTehna» ЖШС PR менеджері Екатерина Шлома.

Бүгінде спортпен шұғылдануды насихаттап жүрген топ болып жүгіретін азаматтардың қатары көбейген. Бір қуантатыны, Саран қаласына тұрақты келетін қатысушылар да баршылық.

Мен Астана қаласынан келдім. Осы марафонға 2022 жылдан бастап үнемі қатысып жүрміз. Өте жақсы бастама. Бұрын Қарағанды Е.А.Букетов университетінде жұмыс істеген болатынмын. Бізде «Buketov runners» жүгіру тобы бар. Осының алдында біз Қарқаралыға ультрамарафон жүгірген болатынбыз. Түркістанға, Ұлытауға жүгірдік. Енді биыл Е.А. Бөкетовтың 100 жылдығына деп Петропавл жаққа қарай және Абайдың 180 жылдығына деп Абай облысына жүгіруді жоспарлап жүрміз. Қандай шара болады, соған атсалысуға тырысамыз. Баршаңызды бүгінгі Ұлыстың ұлы күнімен – Наурыз мерекесімен құттықтаймын! Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын. Спортты насихаттап жүрген Саран қаласының халқына, әкімдігіне, барлығына рақмет айтамын. Өте жақсы шара, - деді «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы директорының орынбасары Нұрлан Жұмагелді.

Биыл қасиетті Рамазан айына түскен марафонда Саран қаласының прокуроры Ж. Накишев пен қалалық мешіттің бас иманы Н. Мұсабеков те халықпен бірге жүгіріп, салауатты өмір салтын ұстануға шақырды.

Біріншіден, Наурыз мерекесімен құттықтаймын! Әр шаңыраққа денсаулық, бақыт тілеймін. Спорт – денсаулық кепілі. Әр бала спортпен айналысса онда ешқандай құқық бұзушылық та жасамайды. Сол үшін барлықтарыңызды спортмен шұғылдануға шақырамын, - деп атап өтті Саран қаласының прокуроры Ж.Накишев.

Қалалық мешіттің бас иманы Н. Мұсабеков те Наурыз мерекесімен құттықтап: «Халқымыз «Тәні саудың - жаны сау» демекші, біздер-сіздер болып осындай бір жастарымызға үлгі бола білсек, елге, халыққа тәрбиені үйрете білсек, болашағымыз жарқын болмақ. Баршамызға амандық, саулық берсін. Ақ мол болсын! Ырыс-береке әулетімізге, шаңырағымызға келе берсін», - деді.

Шынымен, «Денсаулық – зор байлық». Әр спортта ең қиыны – бастау. Сол күні марафонға бірінші рет қатысқан тұрғындар да нар тәуекел етіп, ерік-жігерлерін бір сынап көргендей.

Өзім бірінші рет марафонға қатысып, 14 км жүгірдім. Ендігі жылы да қатысуға ниетім бар. «Спорт - денсаулық кепілі» демекші, барлықтарыңызға Наурызда денсаулық, бақыт тілеймін, - деді Саран қаласының тұрғыны Жеңіс Сериков.

Қатысушылардың арасында шаңғы тебетін, биіктікке секіретін, марафондарға жүгіретін 73 жастағы Жаманбек Төлеутай шеберлігімен көпті таң қалдырды. Өзі зейнетте болса да, спортпен тұрақты айналысқанды құба-құп көреді.

Наурыз құтты болсын! Мен ардагер спортшы, кенші, зейнеткер, Азия чемпионымын. 94 классикалық халықаралық марафонды бағындырдым. Жылда Саранға келіп, Наурыз марафонына қатысамын. Ұйымдастырушыларға мың да бір рақмет, - деді Жаманбек Төлеутай.

Осы тұста бір атап өтетін жайт, спорттық шарада ерлермен бірге нәзік жанды арулар да қоса жүгірді. Мәре сызығын аттаған барлық қатысушыларға естелік медаль табысталса, ерлер мен қыздар арасында бірінші, екінші, үшінші болып жүгіріп келген азаматтар арнайы грамотамен және медальмен марапатталды. Қыздар арасында 21 км қашықтықты бірінші болып бағындырған Диана Асауова да тұрақты қатысушылардың бірі. Биыл жұлдызы оңынан жанып, бәрінен оза шапты.

Керемет көңіл-күйдеміз. Наурыз мейрамы баршаңызға құтты болсын! Барлық шаңыраққа шаттық, молшылық әкелсін. Бүгінгі өткізіліп жатқан «NAURYZ RUN» жартылай марафонына көп рақмет айтамыз. Өзім жылда қатысамын, - деп өз әсерімен бөлісті жеңімпаз, Қарағанды қаласынан келген Диана Асауова.

Сондай-ақ, қаламыздың кішкентай тұрғындарына да ерекше көңіл бөлінді. Анимациялық кейіпкерлердің қатысуымен мерекелік бағдарлама ұсынылды. Күннің ызғарына қарамастан балалар мәре-сәре. Қатысушылар да алған әсерімен қуана-қуана бөлісіп, шат-шадыман күйде тарқасты.



БІЛІМ

# БІРЛІК ПЕН ЖАҢАРУДЫҢ ЖАРҒЫН МЕРЕКЕСІ

Ұлыстың ұлы күніне орай №6 жалпы білім беретін мектепте қалалық білім беру ұйымдарының қатысуымен «Қош келдің, Әз-Наурыз!» атты ауқымды мерекелік шара өтті.

Дина ӘБДІҒАЛИЕВА

Жаңару мен жаңғыру мейрамына айналған, Самарқанның көк тасы еріген күнінде қала әкімі Дарын Бұлқайыр, Саран қалалық мәслихатының төрағасы Өміржан Баймағанбетов, қала әкімінің орынбасары Сағынбек Бейскеев, қалалық білім бөлімінің басшысы Арман Бақтыбаев мектеп жәрмеңкесін, білім ордалар тіккен ақ киіз үйлердің ішін аралап, қатысушыларды мерекемен құттықтады.

- Қайырлы күн, құрметті ақсақалдар, ұстаздар, оқушылар. Келіп жеткен Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамы құтты болсын! Ақ мол болсын! Оң жетістіктерге жетіп, қаламыздың өсіп-өніп, көркеюіне біз себепкер болып, куәгер болайық. Жастарымыз аман болсын, - деді қала әкімі Дарын Бұлқайыр.

Шараның өзі №6 жалпы білім беретін мектептің алаңынан бастау алған. Домбырашылар қолына домбыра алып, күмбір күйден төкті. Ақсақалдар мен ақ жаулықты әжелер жиналып, қыстан аман-есен шыққандарымен құттықтап, бір-біріне жылы тілегін арнады. Күн

мен түннің теңелуі, Жер-Ананың құдіреттілігі бейнеленген көріністің өзі ерекше әсер сыйлады. Ортаға Қыдыр ата шығып «Наурыздан Наурызға аман-есен жете берейік» деген тілекпен ақ батасын берді.

- Құрметті халайық, әз-Наурыз мерекесі құтты болсын! Міне, біз, №16 жалпы білім беретін мектеп атынан бүгін қалалық Наурыз мерекесіне өзіміздің киіз үйімізбен, ақ дастарқанымызбен келіп қалдық. Барлықтарыңызға мол бақыт, зор денсаулық тілейміз, - деді №16 жалпы білім беретін мектеп директорының міндетін атқарушы Әсем Батталқызы.

Кейін №6 жалпы білім беретін мектептің ішінде Саран қаласының білім бөліміне қарасты білім беру ұйымдарының өнері ортаға салынды. Қала әкімі Дарын Бұлқайыр роботтың тілін меңгерген дарынды балалардың ұстаздарымен бірге жасаған жұмыстарымен, ұлттық ою-өрнектермен көмкерілген әшекей бұйымдармен, балалар өнер мектебінің оқытушылары дайындаған шеберлік сабақтарымен танысты. Сондай-ақ, жоғарғы қабатқа көтерілген кезде бір бөлігінде «арқан тартыс», «бес асық» және басқа да ұлттық ойын-



дар ойналса, екінші бөлігінде қазақтың салт-дәстүрі мен әдеп-ғұрыптары көрсетілді. Бәрінен өзге ұлт өкілдерінің салты мен ұлттық тағамдар көрмесі көпті таңғалдырды. Онда бір шаңырақ астында тұратын қазақ, орыс, неміс, татар, өзбек және басқа да ұлт өкілдерінің татулығы, достығы мен сыйластығы дәріптелді.

- Әрине, бүгінгі думан, бүгінгі той ерекше өтіп жатыр. Бүкіл Қазақстан халқын мерекемен құттықтаймын! Басымыз аман, еліміз тыныш, тек қана

бірлік, достық болсын деп тілеймін, - дей келе талай білімді жастарды түлетіп ұшырған ардагер ұстаз Оралхан Бартаева өзінің Наурыз мерекесіне арнайы шығарған авторлық өлеңінен паш етті.

Бір адамдай атсалысқан мерекелік шарада тәрбиенің түп қазығы, бала тәрбиесінің қайнар көзі - ұлттық құндылықтарға ерекше зер салынды. Әр бұрышы тарихтан сыр шертіп тұрды. Барынша келушілерге Наурыз мейрамы есте қаларлықтай етіп ұйымдастырылған.

ЖИЗНЬ ГОРОДА

## «Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамы!»

*Ярко и широко отметили жители Сарани один из любимых весенних праздников. Наурыз – это символ обновления, начала новой жизни, а также единения и дружбы всех народов, которые проживают в Казахстане. И жители нашего города по – особенно любят Наурыз. Именно в эти дни у нас проходят различные встречи и праздничные концерты, детские праздники и семинары. Везде чувствуются ноты праздника, и кажется, что именно эти дни становятся началом нового этапа в жизни каждого из нас. А венчает всю декаду Наурызнама самое главное праздничное мероприятие, которое в этом году началось на главной площади Дома культуры и продолжилось на площади стадиона «Сұңқар».*

Надежда ЦХАЙ

«Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамы!» - именно так назывался праздник, который проходил в Сарани 21 марта. В этот день на праздничных площадях было особенно многолюдно – целые семьи с детьми, старшее поколение, коллективы пришли отпраздновать этот день вместе. Традиционные яркие наряды, национальные украшения на девушках и женщинах, казахские головные уборы – горожане нарядились по – настоящему. Поэтому колорит праздника чувствовался особенно ярко. И конечно, стилизованные украшенные юрты, куда мог зайти любой желающий и посмотреть различные выставки.

Непосредственно праздник начался с большого флешмоба, которые представили домбристы города, исполнив любимые кюи. На площади Дома культуры девушки в казахских платьях продемонстрировали всю красоту и пластичность национальных танцев. А горожане прошли до площади стадиона большим праздничным шествием. Ребята также было что посмотреть – для них был организован выездной зоопарк.

А уж на площади стадиона действительно было очень много народа. Здесь было организовано театрализованное представление артистов театра имени Сакена Сейфуллина.

Свои теплые и искренние поздравления землякам адресовал аким города Дарын Бұлқайыр. Торжественным моментом стало чествование победителей городского традиционного конкурса «От идеи к реальности» на премию акима города.

Данный конкурс проводится в целях развития молодежного предпринимательства. Радует, что молодые жители Сарани – это креативные целеустремленные и по – хорошему амбициозные юноши и девушки, которые имеют свой взгляд на жизнь, приоритеты и цели, поэтому их идеи всегда интересны и жизнеспособны. В этом году было поддержано восемь проектов в различных сферах.

Свои впечатления выразил один из получателей премии Денис Воробьев - автор проекта «Детская парикмахерская «Кошкина лапка»»: «Это уникальная парикмахерская для нашего города. В ней будут уникальные услуги для детей и их родителей. В этом конкурсе я участвую первый раз. Я в восторге, что получил эту награду».

Также в этот день была представлена хорошая концертная программа, в рамках которой выступили творческие коллективы нашего города, ДШИ и Караганды, Группа «Изюми», Трио «Қыздар-ай», Ансамбль «Сүйінші», ҚР эстрада жұлдызы Мәди Ахметқожа

Поклонники национальных и других видов спорта могли попробовать себя в казак күресі и армреслинге, қой көтеру и т.д.

А уж сколько было проведено интересных конкурсов! На лучшую юрту и национальное блюдо, длинную косу и красивый национальный костюм, лучший наурыз коже и самый большой бауырсақ. Кстати, в этот день был изготовлен бауырсақ размером 5 см, который могли попробовать все желающие.

Вот так прошел Наурыз у нас в Сарани – весело, шумно и радостно! И даже холодная погода не смогла испортить впечатление от праздника.



ӨЗЕКТІ

## Менингит ауруы және оның алдын алу шаралары



Менингит - бұл қауіпті аурулардың бірі, ол жұлын мен мидың қабынуынан пайда болады. Менингиттен қалай қорғану керектігін білген жөн. Көбінесе ауру кез келген қабынудың асқынуы ретінде жүреді, бірақ ол тәуелсіз ауру болуы мүмкін. Егер дер кезінде емделмесе, онда саңырау, эпилепсия және ішкі ағзалардың зақымдануы сияқты асқынулардың пайда болуы мүмкін. Балаларда асқыну ретінде ақыл-ой кемістігі болуы мүмкін.

### Себептері мен белгілері

Менингит пайда болған кезде міндетті түрде жоғары температура болады, ауру әрдайым қызба мен ауыр интоксикацияны тудырады. Көрсеткіштердің жоғарылауы, әдетте, 40 градусқа дейін болады. Адамның миының қабынуы басталатынын анықтайтын алғашқы белгілерге тоқтала кетейік.

Патология келесі көріністермен бірге жүреді:

- бастың қатты ауруы;
- фотофобия және дыбыстарға

төзбеушілік;

- жүрек айнуы және құсу;
- бұлшық ет өнімділігі төмендейді және өте қатты әлсіздік байқалады;
- шатасу, летаргия, ступор немесе қатты қозу, мазасыздық, сандырақ пайда болады;
- дененің сезімталдығы артады.


### Менингиттің алдын алу

Жеке гигиена шараларын сақтау, салауатты өмір салтын ұстану қажет, өйткені бұл иммунитеттің табиғи қорғанысын арттырады. Менингиттің алдын-алу үшін уақытылы вакцинация алу қажет.

Жіті респираторлық вирустық инфекциясы асқынған кезеңде, адамдар көп жиналатын жерлерде маска кию керек. Вирустық аурумен сырқаттанған адамдармен кездесуден аулақ болу қажет. Егер менингит белгілері байқалатын болса, дереу дәрігердің көмегіне жүгіну керек.

«Саран қалалық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы» РММ

## Вирусный гепатит А и меры профилактики



Вирусный гепатит «А» – широко распространенное инфекционное заболевание, вызываемое вирусом. Протекает заболевание с общей интоксикацией и преимущественным поражением печени. Источником инфекции является больной человек или здоровый вирусоноситель. Характерна осенне-зимняя сезонность. Гепатитом А болеют люди всех возрастов, но чаще дети старше одного года и взрослые до 30 лет.

### Как происходит заражение вирусным гепатитом А и почему?

В окружающую среду вирус в основном попадает с фекалиями, главный путь заражения – фекально-оральный, когда заражение происходит при попадании вируса в организм человека через грязные руки, пищевые продукты и воду, при контакте с больным человеком в быту, при пользовании общей столовой посудой. Также заражение может передаваться через воду, после загрязнения канализационными стоками водопроводной воды.

Чаще всего заражение вирусом гепатита «А» происходит в конце инкубационного периода и в течение преджелтушного периода.

### Признаки заболевания.

От момента заражения до появления первых признаков заболевания проходит в среднем 35 дней. Начало заболевания или преджелтушный период, который может длиться от нескольких дней до 2-3 недель проявляется в виде гриппоподобного варианта, а также может быть в виде диспепсических и астеновегетативных проявлений. Характеризуется общей слабостью, головной болью, потерей аппетита, умеренным повышением температуры (37°-38,5°), тошнотой, иногда рвотой, ноющими болями в верхней части живота (в правом подреберье), болями в суставах, зудом кожи. Спустя 2-4 дня появляется в первую очередь желтушная окраска склер глаз, кожи, нижней поверхности языка, в дальнейшем моча больного темнеет, приобретает цвет пива или крепкого чая, а кал, наоборот, становится бесцветным. Бывают и бессимптомные формы заболевания, но, в то же время, человек остается заразным для других людей.

Своевременная диагностика гепатита А позволяет скорее начать лечение и не допустить заражение окружающих.

Исход болезни обычно благоприятный. Перенесенное заболевание оставляет стойкий пожизненный иммунитет.

Меры профилактики гепатита «А»:

- соблюдение правил личной гигиены (мыть руки с мылом как можно чаще, особенно перед едой, перед приготовлением пищи, после посещения туалета);
- фрукты, овощи, зелень и ягоды тщательно мыть проточной водой с последующим ополаскиванием кипяченной водой;
- не заглатывать воду при купании в открытых водоемах;
- использовать для питья кипяченную и бутилированную воду;
- пользоваться индивидуальной посудой;
- не разрешать детям брать руки в рот, с детства приучать их к соблюдению правил личной гигиены.

- отказ от вредных привычек (обмен жевательной резинкой, откусывание от общего куска, курение 1 сигареты на два человека)

- использовать индивидуальные предметы ухода (постельное белье, полотенце, зубные щетки, маникюрный набор, носовые платки)

- одним из действенных мер профилактики вирусного гепатита «А» является иммунизация. В плановом порядке вакцинация проводится детям в возрасте двух лет, 2-хкратно с интервалом 6 месяцев. По эпидемиологическим показаниям проводится вакцинация контактных лиц в очагах вирусного гепатита А в возрасте до 14 лет включительно, в первые 2 недели от момента контакта.

Предупредить это заболевание легче, чем лечить, поэтому желательно заранее обезопасить себя с помощью вакцинации и соблюдения, элементарных правил личной гигиены.

РГУ «Саранское городское управление санитарно-эпидемиологического контроля»

ОЧС ИНФОРМИРУЕТ

## При теплой погоде прочность льда спадает до 1/4



При теплой погоде более чем три дня, прочность льда спадает до 1/4.

Лед зеленоватого или синеватого цвета – это прочный и надежный лед. Максимально прочный лед в чистых и глубоких местах. Во время оттепели лед становится матовым и беловатого или

желтоватого оттенка, это не прочный, рыхлаый лед!!!!!!

Рыбакам, собирающимся на рыбалку зимой, всегда нужно помнить, что лед – это небезопасное место, он может сломаться и вы окажетесь под толщей льда в воде, если вы умеете хорошо плавать –

это может вас не спасти, так как зимой на вас будет много громоздкой одежды мешающих передвижениям, что не даст просто вылезти из воды именно поэтому нужно соблюдать правила безопасности на льду.

Особо опасные места «Полыньи» представляют особую опасность, но их чаще всего можно заметить если вы заметите темные пятна, припорошенные снегом, скорее всего это полынья.

Не менее опасны места с быстрым течением, родниками, обилием растительности на поверхности, выход сточных вод, места сброса снега не менее опасны запыленные майны если вы делаете на льду майну, поставьте предостерегающий знак, так вы сможете обезопасить других, прочность льда нужно проверять! Для этого можно воспользоваться пешней. Если лед выдержал удар от пешни, то вас он выдержит. Идти нужно медленно постоянно ударяя пешней.

Если пешня пробила лед, то остановитесь и дальше не идите, это опасно. Проверять прочность ударом ноги не стоит, вы рискуете провалиться.

Основные правила безопасности на льду:

На рыбалку зимой лучше всего выходить компанией. Далеко друг от друга не советуется, так можно не успеть помочь своему товарищу.

Не берите тяжелый груз на лед и не езжайте в опасные места на транспорте. Не сверлите рядом много лунок.

Спиртные напитки на льду употреблять запрещено, так как в нетрезвом состоянии вы не сможете правильно оценить ситуацию и вовремя отреагировать.

На последнем льду есть опасность отрыва льдины. С оторванной льдины нельзя прыгать или наоборот запрыгивать на нее, она просто перевернется.

ОЧС г. Сарани



Накануне Наурыза в Совете ветеранов состоялось праздничное мероприятие.

За щедрым дастарханом звучали теплые слова поздравлений с одним из любимых весенних праздников, искренние пожелания здоровья и благополучия. Очаровательные представительницы старшего поколения приготовили вкусные угощения, надели национальные наряды.


Прекрасным подарком для всех стало хорошее настроение и позитивные эмоции!

Кроме этого, наши ветераны посетили городской праздник, посвященный Наурызу, и конкурс бабушек в Караганде. Надежда ЦХАЙ



## РЕКЛАМА ОБЪЯВЛЕНИЯ ПОЗДРАВЛЕНИЯ

На LED экране



### В САРАНИ ОТКРЫЛСЯ МЕДИЦИНСКИЙ ОФИС ИНВИТРО!

Теперь жители города могут пройти лабораторные исследования международного уровня качества в новом медицинском офисе ИНВИТРО по адресу: г. Сарань, ул. Кошевого, стр. 2.

#### Почему выбирают ИНВИТРО?

- Исключительный сервис – комфорт, удобство и забота о каждом клиенте.
- Инновационные решения – передовые технологии диагностики.

- Более 1000 видов медицинских анализов – от стандартных исследований до специализированных тестов.

- Комплексные программы лабораторных исследований – для профилактики и контроля здоровья.

Ждем вас в ИНВИТРО – надежном партнере в заботе о вашем здоровье!

# ПОДПИСКА



**ИНДИВИДУАЛЬНАЯ:**  
ГОДОВАЯ - 5830 ТГ.  
ПОЛУГODOВАЯ - 2915 ТГ.  
ТРИ МЕСЯЦА - 1458 ТГ.

**АЛЬТЕРНАТИВНАЯ:**  
ГОДОВАЯ - 4000 ТГ.  
ПОЛУГODOВАЯ - 2000 ТГ.  
ТРИ МЕСЯЦА - 1000 ТГ.

**ЮРИДИЧЕСКАЯ:**  
ГОДОВАЯ - 13794 ТГ.  
ПОЛУГODOВАЯ - 6897 ТГ.

ПОДПИСЫВАЙТЕСЬ В РЕДАКЦИИ ПО УЛ. ЖАМБЫЛА, 69/1  
ИЛИ ПО ТЕЛЕФОНУ: +7 775 945 23 23 (WHATSAPP)

# РЕКЛАМА И ОБЪЯВЛЕНИЯ

## ТРЕБУЕТСЯ

ТОО «Sarangar» требуются упаковщик-упаковщик, оператор, грузчик, водитель погрузчика, разнорабочий, уборщица. Официальное трудоустройство, согласно законодательства РК РК. Т.: 8-775-282-90-18 (звонить в будни с 8.00 до 17.00).

На предприятие требуются: токари, сборщики РТИ, пресовщики, вальцовщики, разнорабочие. При необходимости возможно обучение на базе самого предприятия. Зарботная плата выплачивается своевременно + полный соц. пакет. Обращаться: г. Сарань, ул. Чкалова, 2/4 (возле сауны «Эдем»). 7-45-60. 8-702-655-23-38.

## УСЛУГИ

Уголь, шлам, песок, балласт. Грузоперевозки. Т.: 5-29-98, 8-705-251-70-92.

Все виды ремонта квартир, электрик-сантехник-плотник. Т.: 8-771-372-56-88, 8-702-359-46-02.

Реставрация подушек, сухая чистка с заменой наперстка, дезинфекция клещей ультрафиолетом. Ул. Победы, 32. Т.: 8-747-703-48-50, Ирипа.

Предлагаю профессиональный ремонт имп. ТВ, холодильников, стир. маш.-автомат, микр. печей. На дому, с гарант. Т.: 8-777-396-81-27

## ПРОДАЕТСЯ

Срочно продается дом. Т.: 5-19-21.

3-к кв в р/н Мечети, неугловая, цена договорная. Т.: 8-701-641-11-14.

1-к кв в поселке Актас, ул. Первомайская, 2 этаж, с мебелью и бытовой техникой. Писать на WhatsApp: 8-708-545-82-18.

СРОЧНО. 3-к кв. Т.: 8-747-401-39-66.

1-к кв., р/н акимата. Цена 8 000 000 тг, частично с мебелью. Т.: 8-747-828-96-08, 8-702-287-92-48.

## КОЛОНКА НОТАРИУСА

Нотариусы г. Сарани сообщают, что 18.03.2025 г. открылось наследственное дело, после умершей 06.02.2025 г. Кургановой Валентины Николаевны. Всем наследникам умершей необходимо обратиться в любую нотариальную контору г. Сарани в срок до 06.08.2025 года.

Лицензия №000286 от 31.12.2004 года Министерства юстиции РК

Нотариусы сообщают, что 03.03.2025 г. открылось наследственное дело, после умершего 30.12.2024 г. Пащак Владимира Николаевича. Всем наследникам умершего необходимо обратиться в любую нотариальную контору в срок до 30.06.2025 года.

Лицензия №14000995 от 31.01.2014 года Министерства юстиции РК

## КУПЛЮ

Монеты, значки и банкноты СССР, сувенирные машинки 1:43 СССР. Т.: 8-701-715-60-49.

В ГУ «Отдел образования города Сарани» действует **телефон доверия: 5-06-01** по профилактике суицида несовершеннолетних.



## Саран газеті

Директор  
ТОО «Саран тынысы»,  
главный редактор  
Б.Е. МАЙПАСОВА

Газета зарегистрирована в Министерстве информации и коммуникаций Республики Казахстан. Свидетельство 16307-Г от 18.01.2017 г. (номер и дата первичной постановки на учет № 869-Г, 16.09.1999 г.)

Собственник:  
ТОО «Саран тынысы»

Адрес редакции:  
101200  
г. Сарань,  
ул. Жамбыла, 69/1  
Тел., факс: 5-10-15  
sarangazeti@mail.ru

Выходит два раза в неделю, форматом А3 Тираж 778  
Распространяется по подписке и в розницу в г. Сарани и пос. Актас

Газета набрана и сверстана в редакции

Отпечатано в ТОО «Типография «Арк» 100009 г. Караганда, ул. Сатпаева, 15  
Печать офсетная. Заказ № 25-26

Опубликованные материалы не всегда отражают точку зрения редакции. Ответственность за достоверность сведений, содержащихся в публикациях и рекламном тексте, несут авторы публикаций и рекламодатели.